

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/VXZC3924>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HARX2450>

***А. Б. Шалғынбекова¹, А. Д. Амренов², С. Б. Жұмағұл³**

^{1,2}Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар

педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9907-3327>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8705-599X>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9891-0237>

*e-mail: ayauuzhan@mail.ru

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әскери тұтқындағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы қарастырылады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ қалам қайраткерлігі майдан тұтқынындағы Қарыс Қанатбай (Қанатбаев), Мәжит Айтбаев, Мәулікеш Қайболдин (Мәулекеш Қайбалды), Хамза Абдуллин, Дәулет Тағыберлі, Әли Асқар, Мәжит Аятбеков, Хакім Тыныбеков, Ғайпен Бейісұлы, Жәкебай Бапыш, Әйткеш Толғанбаев сынды дарындар шығармашылығымен көркемдік-эстетикалық, тақырыптық-иделік жүйеде жаңаша мазмұн, өзекті сипат алуының саяси-қоғамдық негіздері соны көзқараста байыпталады. Мақалада олардың жат елдің әскери тұтқында, соның ішінде Түркістан легионында жүріп Қазақстанға деген сағыныштарымен советтік коммунистік саясаттың ұлттық еркіндік пен азаттық идеяларын қыспаққа алуының зардаптарын, ұлт зиялыларын сталиндік репрессияға ұшыратудағы қылмысын әшкерлеуге, сынауға күш салудағы қайсарлықтары жаңаша танымда бағаланады. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ қалам қайраткерлігі тоталитарлық жүйеге қарсы күресінде жаңа әдеби мазмұнмен толыға түскені айқындалады. Қалам қайраткерлері шығармашылығындағы

басты тақырып өзегі ұлт әдебиеті мен мәдениеті, адам тағдыры, адамзаттық құндылықтар болғаны екішеледі. Сонымен қатар тоталитарлық жүйедегі саяси репрессиялар Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары да толастамағаны, соғыс тұтқынында болған майдангер қаламгерлер, өнер тұлғалары түрмеге тоғытылып, ұзақ жылдарға бас бостандықтарынан айрылғаны көрсетіледі. Советтік жазалау қысымынан бой тасалап, эмиграцияға кеткен өнер тұлғаларының аса күрделі де трагедиялы тағдыр-талайы айтылады.

Кілтті сөздер: соғыс, әскер, тұтқын, адам тағдыры, Түркістан легионы, шығармашылық.

Кіріспе

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әскери тұтқындағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын тәуелсіздік биігінен зерттеп зерделеу – қазіргі әдебиеттанудағы аса өзекті мәселелердің бірін құрайды. Тоталитарлық жүйе тарапынан тыйым салынып келген тақырыптың саяси астары тереңде болатын. Саяси репрессиялар Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан соң да толастаған емес. Соғыс тұтқынында болған азаматтар түрмеге тоғытылып, ұзақ жылдарға бас бостандықтарынан айырылды. Азаттыққа шыққаннан кейін де олар саяси сенімсіздікке ұшырап, қоғамнан өгейлік күй кешті. Әділетсіздік пен қиянаттың құрбанына айналды.

Жаһан соғысы тұтқынындағы қазақ солдаттарының нақты саны айқындалып болғаны жоқ. Бұған қатысты зерттеушілер пікірлері сан алуан. «1945 жылдың 3 қазанындағы мәліметтер бойынша ССРО-ға оралған 1 368 849 тұтқынның қатарында 23 143 қазақ болған. Олардың қаншасы іріктеу лагерлеріне түскені немесе елге оралғаны әлі де белгісіз» [1]. Соның ішінде Түркістан Ұлттық комитетіндегі түркі халықтары өкілдерінің санына қатысты деректерде бірізділік жоқ. «Шығыс легиондары» құрамының саны шетел әдебиетінде әр түрлі деректер көрсетіледі. Соғыс жылдары «Түркістан Ұлттық Комитетінің» әскери бөлімін басқарған Баймырза Хаит «Түркістан XX ғасырда» деген еңбегінде «Германия жағында 181 402 түркістандық соғысты» десе, неміс тарихшысы Иоахим Гофман «Шығыс легиондары» атты кітабында «неміс формасын киген кеңес түріктері саны 250 мыңдай болды» дейді. 1985 жылы Лондонда жырық көрген «Кеңес ұлттары стратегиялық болашақта» деген жинақта да осы мәлімет шындыққа баланады, бірақ легиондағы қазақтардың жалпы саны көрсетілмейді...» [2].

«...Ресей Қорғаныс министрлігі комиссиясының анықтауы бойынша, тұтқынға түскендер мен хабарсыз кеткендер саны – 4 559 000 адам, оның 1 836 000-ы соғыстың соңғы жылында және соғыс біткен соң елге оралған,

937 700-ы әскерге қайта шақырылған, 673 000-ы тұтқында қаза тапқан, 1 110 500 адамның тағдыры белгісіз» [3].

«...Адам өркениеті тарихында, мұншалықты дұшпан жағындағы осыншама адамдардың тұтқынға түскен кезі болмаған! Солдаттардың басым бөлігі, тұтқынға түскендер 17 мен 37 жас аралығындағы жастар болды... Неміс концлагерлерінде 3 миллионнан аса адам жан тапсырды. Ондағы тозақ отына күйген және жан азабына шыдаған адамдарға «сатқындық» мәртебесін беру, қаншалықты адамзат жаратылысы құқына сай келеді екен? [4]. Иә, жалпыадамзаттық гуманизмді мансұқтап, адам құқықтарын аяусыз жаншып келген кеңес идеологиясының оспадар саясатының ауыр зардаптарынан алар тағылым аз емес. Әсіресе, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әскери тұтқындағы қазақ қаламгерлерінің тағдыр-талайы ерекше назар аудартады.

Әдістеме және зерттеу әдістері

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әскери тұтқындағы қазақ қаламгерлері шығармашылығы қарастырылған мақалада әдеби-тарихи талдау, филологиялық саралау, салыстыру, жинақтау, қорыту әдістері негізге алынды.

Талқылау мен бағалау

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ қайраткерлігі майдан тұтқынындағы Қарыс Қанатбай (Қанатбаев), Мәжит Айтбаев, Мәулікеш Қайболдин (Мәулекеш Қайбалды), Хамза Абдуллин, Дәулет Тағыберлі, Әли Асқар, Мәжит Аяпбеков, Хакім Тыныбеков, Ғайпен Бейісұлы, Жәкесбай Бапыш, Әйткеш Толғанбаев шығармашылығымен жаңаша мазмұн алды. Олар жат елдің әскери тұтқында жүріп Қазақстанға деген сағыныштарымен коммунистік саясаттың ұлттық еркіндік пен азаттық идеяларын қыспаққа алуының зардаптарын, ұлт зиялыларын атып-асудағы қылмысын әшкерлеуге күш салды.

Түркістан легионында шығып тұрған «Милли Түркістан» (редакторы профессор Иохан Вензинг), «Милли әдебиет» (бас редакторы Мәжит Айтбайұлы) басылымдарында қазақ қаламгерлерінің көңіл-күй лирикаларымен қатар тоталитарлық жүйені айыптаған түрлі мазмұндағы өлеңдері басылды.

Түркістан легионының құрылуын, себеп-салдарын, әскери құрылымда болған боздақтар тағдырын арнайы зерттеген А.Кәкен «Милли әдебиет» («Ұлттық әдебиет») журналы бөлшектенбейтін, бөлінбейтін біртұтас ұлы Түркістанды, яғни қазіргі заманғы жаңа мәдени талаптарға сай келетін ұлттық мемлекет құру мақсатын ұстанғанын атап көрсетеді. Десе де журнал тек қана саяси тақырыптар арнасында қалып қоймай, сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық өзегіне дендей енуге ұмтылды. «Айына бір мәрте жарық көрген басылымда негізінен қолға түсіп, еркінен тыс майданда қан кешіп жүрген

жауынгерлердің туған жерге сағынышы, ел-жұртқа деген ыстық ықыласы бейнеленді. Өлең-жыр, кестелі сөз болып өрілген шығармалардың қайбірінен де автордың айрықша махаббатын сезінбеу мүмкін емес. Басым көп санды шығармалар бүркеншік есімдермен берілген. Айталық, Қобызшы Қорқыт, Асан қайғы, Сайран, Ғали Алтай, Сыр баласы, Зарлық, Өлмес, Қ. Қазыбек, Қ. Қ., С., Легион әскері, Жақан, т.б. есімдер журнал бетінде жиі кездесетін бүркеншік аттар.

Басылымда «халық әдебиетінен», «жырлар», «аудармалар», «күлкі бөлімі» қатарлы айдарлар болды. Осы айдарларымен тұрақты түрде түрлі жанрдағы шығармалар жарияланып тұрды. «Әлі қарттың әңгімесі», «Жолаушы» балладалары; «Балықшы қызы», «Адамның арманы» пьесалары; «Азамат» ертегісі мен «Өткен күндер» романынан үзінділер, «Мырқымбай» сатирасының басылуы журналды мазмұндық тұрғыдан байытты» [5].

М. Айтбаев, Х. Абдуллин сынды ақындар Отанға деген сағыныштарымен советтік коммунистік саясаттың ұлттық еркіндік пен азаттық идеяларын қыспаққа алуының зардаптарын, ұлт зиялыларын сталиндік репрессияға ұшыратудағы озбырлығын әшкерлеуге күш салды. Оны М. Айтбаевтың «Ана», «Арман», «Орамал», «Бұл бір адам біздердей!!!», «Мен түс көрдім», «Түркістан», «Жаным бүгін сағынды», «Алайда, адам заңында...» өлеңдері [6], «Абылай», «Киік зары» дастаны, «Ұлы жолда» балладасы, Х. Абдуллиннің «Тұтқын жыры», «Жолтай. Досым жағыпарға арнаймын» өлеңдері, «Жауырын» балладасының тақырыптық өзегі, идеялық арнасы көрсетеді [7].

Ұлт әдебиеті мен мәдениетінің жасампаздығын, соғыс тұтқынындағы адам тағдырын жырлаған ақындар қазақ поэзиясына сыршылдық, психологиялық тереңдік дарытты. Мәселен, Мәжит Айтбаев «Абылай» дастанын:

«Атамның туып-өскен тұңғыш жері,
Хантәңірі, Тарбағатай, Шыңғыс жері.
Көз қырын аз да болса салпас па екен,
Түнекке түсіргенде тұрмыс мені.

Сайра, тіл, мзарла, көңіл, осындайда,
Бір уақыт аз да болса тосылмай да.
Аңқыған ащы үнімді есіткендер,
Дерт болса жүрегінде қосылмай ма!..

Шет жерде шерім үдеп, хал тайғалы,
Қайғымен күнім өтіп қартайғалы,
Жалғыз-ақ жүректегі бар арманым –
Ауылым астам өскен Алтайдағы...» [6, 57-б.] деп түйіндейді.

Ақынның туған жер мен елге деген сағыныш сарынындағы сезім күйі, сергелдеңге түскен жан күйзелісі соғыс тұтқынында жүріп жазған өлеңдерінің бәріне тән көркемдік ерекшелікті айқындайды. Ал Хамза Абдуллин «Тұтқын жыры» өлеңінде жат жерде торыққан жан тебіренісін қасиетті атамекеніне деген сүйіспеншілігімен сабақтастырады:

«Ашшы манау қараңғылық сарайын,
Бой жазайын, бостандыққа барайын.
Қайда сонау еркін өскен кең далам,
Көз жіберіп биік шыңнан қарайын.

..Ерте кезім, өткен күнім – алтын шақ,
Жас өмірім қайта ту да жай құшақ!
Сірпіл үстен, қараңғылық тұманы,
Аш қойныңды, тарт бауырыңа, болашақ!» [7].

Түркі әлемінің азаттығы мен бірлігі жолында тарихи қызмет атқарған Мұстафа Шоқай мұратын Ғ.Бейісұлы «Сен оны ұмытпауға тиістісің!» (1943) толғамымен жаңғыртты. Сыршылдық пен ойшылдық, тереңдік пен парасат үйлесіміндегі толғаныс ұлттық рух пен елдік намысты қайрайды. Тарих санамызда өткен дәуірдегі тарихт тұлғаларымыздың жарқын бейнелері мен айбынды болмыстарын жаңғыртады. Отан тарихында өшпес із қалдырған аяулы ерлердің есімін, ерен еңбегін ұлықтау, ұмытпау саналы ұрпақтың мәңгілік парызы деп біледі [8].

Кеңес жүйесінің қысымын өткерген қаламгер Х.Абдуллиннің «Жау қолында қалған жазушылар» естелігі, әскери фототілші Ғайпен Бейісұлының (Бейісов) «Тамұқтан өткен тағдыр» деректі кітабы Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ қайраткерлігін кеңінен тануға мүмкіндік береді. 1944 жылы Берлинде «Бұлбұлдың үні» кітапшасы үш тілде басылып шыққан Ғ. Бейісұлының «Тамұқтан өткен тағдыр» деректі кітабында Мұстафа Шоқай, Вели Каюмхан, Хамза Абдуллин, Мәулікеш Қайболдин, Мәжит Аяпбеков (М. Дара), Баймұрза Хайт, Қарес Қанатбаев, Қазі Қазыбеков (Қазі), Мәжит Айтбаев (Қобызшы Қорқыт), т.б. сияқты соғыс кезіндегі Берлиндегі Түркістан комитетінің көрнекті өкілдерінің қилы тағдыры әңгімеленеді [9].

Соғыс тұтқынындағы қазақ қалам қайраткерлері кеңес билігінің қыспағындағы ұлт тілінің мүшкіл халін, сталинизм құрбаны болған зиялылар тағдырын батыл көтерді. Хакім Тыныбеков 1944 жылы мамыр айында Австрияның астанасы Венада өткен «Түркістан конгресінде» «Тіл бірлігі – ұлт бірлігі» тақырыбында ғылыми баяндама жасады [10, 212-б.]; [11].

Әскери тұтқындағы қазақ қайраткерлері сурет, ән-күй, сөз өнерімен ұлтық құндылықтарды насихаттауды қолға алды. Мәселен, Еуропада Абылай ханның суретін Мәжит Айтбайұлы сипаттауымен Манас-Мінәсіп Нұғманов салды

[12]. Сырым батырдың көркем бейнесі сахналанып, Мәулікеш Қайболдин (Мәулекеш Қайбалды) «Жұмақтан келген жәрдем» атты роман жазды.

Әскери фототілші Ғайпен Бейісұлы «Тамұқтан өткен тағдыр» деректі әңгіме кітабында 1944 жылдың 10 мамырында Австрия астанасы Венада Түркістан түріктерінің І Құрылтайы өткендігін, келесі күні Вена опера және балет театрында Қазі Қазыбековтің «Ұлы адамның арманы» атты қысқа екі актілі пьесаның қойылғанын жазады. «Пьесаның оқиғасы Сырым Датұлының ұлт-азаттық күресі туралы, Сырым ролінде артист Мұхамбетқали Батыргереев, сахнаға қойған журналист Мәжит Жақсылықов, музыкасын жазған Вена консерваториясында оқып жүрген Ғалым Абсаламов және Түркістан легионының көркемөнер үйірмесінің жетекшісі, скрипач, әрі дирижеры Айтекеш Толғанбаев. Бұл кәрі Европа төріндегі театрдағы қазақ халқының ұлт-азаттық күресі тарихы жөнінде қойылған алғашқы туындылардың бірі болды деп есептеуге болады» [13].

Нәтижелер

Соғыс тұтқындарының кейінгі тағдыр-талайы да күрделі. Ақын Мәжит Айтбайұлы Дрезден қаласының бомбылану кезінде көз жұмса, Мәулікеш Қайболдин (Мәулекеш Қайбалды), Қарыс Қанатбай, Дәулет Тағыберлі, Жәкебай Бапыш Германияда қалуға мәжбүр болды.

Түркістан легионының тарихын отандық және шетелдік архив құжаттары бойынша арнайы зерттеген Б. Садықова атап көрсеткеніндей, кеңес билігі саясатының біржақты үгіт-насихатына күмәнмен және сенімсіздікпен қараған соғыс тұтқындары коммунистік идеологияға қарсы тұрудағы күрскерлік ұстанымдарын жалғастыра білді. Сондықтан да олар кеңес билігінің қысымынан именіп, жазалау шараларының аса қатал болатындығынан үрейленгендіктен тағдыр тауқыметін тарта жүріп, шет елде қалуға мәжбүр болды [14].

Мәулікеш Қайболдин «Азаттық» радиосы «Түркістан» редакциясының алғашқы директоры қызметін атқарды. Қарыс Қанатбай 1951 жылдың қыркүйегінде Мюнхенде «Түркелі – Түркістан Азаттық Комитетінің органы» деген атпен түрікше, орысша «Түркелі» журналын шығарып тұрды. «Азаттық» радиосы Орта Азия редакцияларының ашылуына тікелей араласты. Кеңес жүйесіне қарсы эмигранттардың Висбаден конференциясына делегат ретінде қатысты. «Ол серіктестерімен бірге 1950 жылдың 20-шы наурызында Германияның Мюнхень қаласында «Түрікелі – Түркістан Ұлт-Азаттық комитетін» құрған және оған өзі төраға болған. Сол жылдары Мюнхень қаласында Қазақ, Қырғыз, Өзбек, Түрікмен және Тәжік тілдерінде «Түрік елі» деген бір журнал шығарды. Бұл журналда 1950 жылдардың басында Пәкістанда, Кашмирде тұрған Шығыс Түркістандық босқын қазақтар туралы хабарлар және хаттар да жарияланған» [15].

«...Қарыс Қанатбай сол кезде шет елдерде өмір сүретін қазақ, өзбек, қырғыз, түрікпен және тәжіктердің бәрін «Мұстафа Шоқайұлы салған біртұтас Түркістан жолы» принципімен ұйымдастыруға кіріседі. Соның нәтижесінде 1951 жылдың қыркүйек айында Мюнхен қаласында «ТҮРКЕЛІ – Түркістан азаттық Комитетінің Органы» деген атпен екі тілде: түрікше және орысша ТҮРКЕЛІ журналы шығарыла бастайды» [16, 223-6.].

Соғыс тұтқыннан оралғандардың да тағдыр-талайы өте күрделі. Оларға саяси айыптаулар тағылып, сенімсіздік білдірілді. Өлім жазасына кесілді, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айрылды. Тоталитарлық жүйе тепірішін тартты, қуғындалды. «1945–1946 жылдары Қазақ, Өзбек, Қырғыз және Түрікмен ССР-ы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеттері (МҚК) немістердің барлау органдарының арандатушылығымен құрылды делінген «Түркістан ұлттық комитеті» («ТҮК»), «Түркістан ұлттық советі» («ТҮС») аталған советке қарсы ұйымның және осы мекемелер ұйымдастырған «Түркістан легионының» бір топ мүшелерін тұтқындап, қылмыстық жауапқа тартты [17, 89-6.].

Хәкім Тыныбеков әуелі ату жазасына, кейін 25 жылға сотталды. Ғайпен Бейісұлы 1946 жылы РСФСР Қылмыс заңының 58–16 бабына сәйкес «халық жауы» ретінде 10 жыл бас бостандығынан айырылып түрмеге қамалды. Қазақтың тұңғыш скрипкашысы Әйткеш Толғанбаев тұтқындалып, 25 жылға қамалды.

Хамза Абдуллин 1947 жылғы 18 сәуірдегі Түркістан әскери округі әскери трибуналының РСФСР қылмыстық кодексі 58–І «б», 58-10, 2. бөлім баптары негізінде 10 жыл бас бостандығынан айырылды. Бастапқы бес жылын Иркутск облысындағы Тайшет лагерінде, қалған мерзімін Колымада өткізді. Итжеккенде жүріп: «Мен – қазақпын! Қазақ үшін көрдім көбін азаптың. Шыда, бауырым, Алаштың жас ұланы, Азаттыққа қалды тіпті аз-ақ күн» - деп Алаш жасампаздығын жырлады. Айдауда жүріп жазылған «Түн перісі» (Коммунизм туралы тарихи баллада), «Алтай», «Мағжанның жиені Бибізайыпқа» өлеңдерін рух асқақтығы даралайды. Сталин өлімінен соң азаттыққа шығып, 1955 жылы елге оралған ақын тағдыры оңай болғаны жоқ. Бұған қатысты Х.Абдуллин. «Біз соғыс аяқталған соң елге қайтамыз деп оңбай қателестік. «Отаныма» оралып едім, «отаным» 10 жылға жер аударды. 1956 жылы лагерьден босап, елге келдім. Келсем, туған үйімнің орны ғана қалыпты. Анам Гүлсім қайғыдан қан жұтып, мәңгілік мекеніне аттаныпты. 1937 жылы ұсталған әкем сол күйі хабарсыз кетіпті. Шаңырақ иесі – үлкен ағам Мүбәрак майдан даласында қаза тауыпты. Тірі қалған екі ағам – Қалижан мен Ғазиз және інім Қанаш елден безіп, шалғайдағы басқа елдерде өмір сүреді екен. Мен өзіміздің ауылда қалған немере апам Бибізайып

пен оның ері Сәлімжанның (Мағжанның туған інісі) үйін паналадым. Жаз бойы осы үйде тұрып, күзге қарсы Алматыға сапар шектім», – деп жазады.

Соғыс тұтқынынан соң елге оралған өнер иелерінің тағдыры өте күрделі. Саяси сенімсіздікпен тұтқындалып, 25 жылға қамалған қазақтың тұңғыш скрипкашысы Әйткеш Толғанбаев 1946–1955 жылдары кеңес түрмелерінде тамұқ азабын тартты. Өнер тарланы өзінің «Исповедь судьбы жестокой» естелік кітабында құсаға толы шерлі шерін тарқатады.

Итжеккенге айдалған күннен бастап, азаттыққа шыққан сәтке дейінгі алмағайып жылдар ақиқаты жазылған естелік кітап советтік биліктің не бір беймәлім болы келген қылмысын әшкерлеуімен маңызды.

Заңсыздық жайлаған зұлмат жылдар шындығына қанықтыратын кітапта қанқұйлы жендет Сталиннің өлімін зарыға күткен бейкүнә жандардың арман-аңсарын берудегі Әйткеш естелігінің өмір шындығынан суарылған тарихи деректелік сипатын айрықша атаймыз.

Қорытынды

Ұзақ жылдарға созылған саяси зобалаң толқындары қазақ халқының демографиясына, ұлттық руханиятына орасан зор алапат әкелді. 1920–1950 жылдардағы саяси репрессиялар адамзат тарихындағы коммунистік билік қылмысына тән зұлмат пен қасіретті ұғындырады [18]. Осынау әміршіл-әкімшіл жүйеге тән озбырлық Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары да толастамады. Оған әскери тұтқында болған қазақ қаламгерлерінің қилы тағдыры дәлел. Олардың шығармашылығы арқылы қазақ әдебиетіне тұтқындағы қазақ жауынгерінің күрделі тағдыры, ел мен жерге деген сағынышы, кеңес билігінің ұлт саясатындағы озбырлығы сынды тың тақырыптар кең өріс тапты. Күрделі тағдыр иелерінің сан алуан мазмұндағы шығармалары жаһан елдерін адам құқығы мен демократиялық құнылықтарды аяусыз жаншып отырған тоталитарлық жүйенің қанды қол саясатының ауыр зардаптарынан сақтандырды.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ қайраткерлігі тоталитарлық жүйеге қарсы күресінде майдан тұтқынындағы Қарыс Қанатбай (Қанатбаев), Мәжит Айтбаев, Мәулікеш Қайболдин (Мәулекеш Қайбалды), Хамза Абдуллин, Дәулет Тағыберлі, Әли Асқар, Мәжит Аяпбеков, Хакім Тыныбеков, Ғайпен Бейісұлы, Жәкебай Бапыш, Әйткеш Толғанбаев шығармашылығымен жаңаша мазмұнмен толықты. Сол арқыл қазақ халқын өзінің сан ғасырлық ата тарихын, ана тілін сақтап қалудағы жанкешті жанталасымен елдік жолындағы күресін жалғастыра берді. Сондықтан да кеңес билігіне қарсы үн көтеріп, гуманистік туындыларымен сталиндік террорға қарсылық танытқан қалам қайраткерлігінің шығармашылығы терең зерттеуді талап етеді. Соғыс тұтқынындағы жауынгерлердің аса ауыр тағдыры ойландырады анық [19]. Тоталитарлық диктатурадан арылып,

постсталиндік қоғамға бетбұрған ел өз тарихындағы күрделі де қайшылықты мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан байыпты қарастырғаны абзал [20]. Озық ойлы адамзат баласы сұрапыл соғыс жылдарындағы әскери тұтқындағы жауынгерлердің фашистер озбырлығымен қатар кеңес жүйесінің қиянатын басынан өткергенін білуі керек.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жылгелдинов, М.** Соғыс тұтқындары мәселесі ҚР Президенті Архивінің назарында [Электронды ресурс]. – <https://e-history.kz/kz/news/show/2865>

2 **Есмағамбетов, К., Ахмет, А.** Соғыс тұтқындары мәселесі әлі де қоғам назарында [Мәтін] // Егемен Қазақстан. – 2012, 9 мамыр.

3 **Көкебаева, Г.** Тарих ғылымының болашағы алаңдатады. Әңгімелескен Бағдат Сұлтанқызы [Мәтін] // Ана тілі. – 2023. – 9 қараша.

4 **Аяған, Б.** Түркістан легионы: Соғыстың ащы дәмін тақандар [Мәтін]. [Электронды ресурс]. – <https://translate.google.com/translate?hl=ru&sl=kk&u=https://e-history.kz/kz/news/show/2648&prev=search&pto=aue>

5 **Ұшқын, С.** // Ұмыт қалған ұлттық әдебиет. [Электронды ресурс]. – https://el.kz/umit_kalghan_ulttik_adebiet_25385/

6 **Айтбаев, М.** Шер. Шығармалары. Құрастырып, алғы сөзін жазған Уақап Қыдырханұлы [Мәтін]. – Алматы : Жазушы, 2005. – 268-б.

7 **Абдуллин, Х.** Тұтқын жыры. «Тұтқын жыры», «Жолтай. Досым Жағыпарға арнаймын» өлеңдері, «Жауырын» балладасы, «Мәжит Айтбаевтың 30 жылдығына» [Мәтін] // Қазақ әдебиеті. – 1996. – 16 шілде.]

8 **Ахмет, А.** Естелік. [Электронды ресурс]. – https://el.kz/content-29252_18635/

9 **Бейісұлы, Ғ.** Тамұқтан өткен тағдыр [Мәтін]. – Алматы : «Өлке» баспасы, 2002. – 400-б.

10 **Қыдырханұлы, У.** «Өз елім – өзегім»: Эссе, толғау, естелік, деректі әңгімелер [Мәтін]. – Алматы : Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, «Атажұрт» баспа орталығы, 2012. – 264-б.

11 **Кәкен, А.** 1944 жылы ана тілін қорғап Венада баяндама жасаған Хәкім Тыныбеков деген кім? [Мәтін] // Түркістан. – 1997. – 5–10 наурыз.

12 **Қыдырханұлы, У.** Абылай хан суретінің авторы кім? // Әдебиет айдыны. [Мәтін]. – 2008. – 11 қыркүйек. – Б. 4–5.

13 **Ахмет, А.** Қазақ әдебиеті тарихындағы Сырым Датұлы бейнесінің тарихи сабақтастығы [Мәтін]. [Электронный ресурс]. –

<https://translate.google.com/translate?hl=ru&sl=kk&u=https://abai.kz/post/122454&prev=search&pto=aue>

14 **Садыкова, Б. И.** История Туркестанского легиона в документах. [Мәтін]. – Алматы : Кайнар, 2002. – 248 с.

15 **Кесиж, А.** Еуропаға таныс, Қазақстанға бейтаныс Қарыс Қанатбай кім? [Мәтін]. [Электронный ресурс]. – <https://translate.google.com/translate?hl=ru&sl=kk&u=https://qamshy.kz/article/687-europagha-tanys-qazaqstangha-beytanys-qarys-qanatbay-kim&prev=search&pto=aue>

16 **Оралтай, Х.** Елім-айлап өткен өмір. 2-ші басылым [Мәтін]. – Алматы : «Білім», 2005. – 632-б.

17 **Кәкен, А.** Түркістан легионы. [Мәтін]. – Астана : Республикалық баспа-полиграфия орталығы, 2000. – 140-б.

18 **Сыздықов, С., Артықбаев, Ж., Жүсіп, С., Қамзабекұлы, Д., Жұмағұл, С., Кемеңгер, Қ.** Рухани жаңғыру : «Мәңгілік Ел» құндылықтары және Алаш идеясы : тарихи тәжірибесі, сабақтастығы және болашағы. Оқу әдістемелік құрал. [Мәтін]. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 380-б.

19 **Streit C.** Keine Kameraden. Die Wehrmacht und die sowjetischen Kriegsgefangenen 1941–1945. [Мәтін]. – Stuttgart : Deutsche Verlags-Anstalt, 1978. – 445 p.

20 **Верт, Н.** История советского государства. 1900-1991 : Пер. с фр. [Мәтін]. – М. : Прогресс-Академия, 1992. – 480 с.

References

1 **Zhylgeldinov, M.** // Sogys tutkyndary maselesi KR Prezidenti Arhivinin nazarynda [The issue of prisoners of war is under the attention of the archive of the president of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]. – <https://e-history.kz/kz/publications/view/1987>.

2 **Esmagambetov, K., Akhmet, A.** Sogys tutkyndary maselesi ali de kogam [The issue of prisoners of war is still in the public eye of Sovereign Kazakhstan]. [Text]. – 2012. – 9 m.

3 **Kokebaeva, G.** Al-Farabi atyndagy Kazak ulttyk universitetinin professor, Tarikh gylymdarynyn doktory : «Tutkyndardy satkyn deu tek Kenes okimetine tan» [Sell tutkyn Deo only to the Kenes government] [Text] zanmedia.kz...lzhau...kebaeva...farabi-atynda...aza...deu...

4 **Ayagan, B.** Nurkistan legion: Sogystyn ashy damin // Kazakhstan tarihy portaly. [Turkestan Legion: those who taste the bitter taste of war] [Electronic resource]. – <https://e-history.kz/kz/news/show/2648>.

5 **Ushkyn, S.** Umyt kalgan ulttyk adebiet. [Forgotten national literature] [Text] [Electronic resource]. – https://el.kz/umit_kalgan_ulttyk_adebiet_25385/.

6 **Aitbaiev, M.** Sher Shygarmalary Kurstyryp algy sozin zhazgan Uakap Kydyrkhanuly. [Cher. Works. The author of the preface was Vakap Kydyrkhanuly] [Text]. – Almaty : Zhazushy, 2005. – 268 p.

7 **Abdullin, X.** Tutkyn zhyry. «Tutkyn zhyry» «Zholtai. Dosym Zhagyparga arnaımyın» olenderi, «Zhauryryn» balladasy, «Mazhit Aitbaevtyın 30 zhyldygyna» [Prisoner song. «Prisoner song», «Zholtai. Poems «dedicated to my friend Zhagypar», The Ballad «shoulder», «to the 30th anniversary of Mazhit Aitbayev»] [Text] // Kazak adebiety. – 1996, 16 shilde.

8 **Akhmet, A.** Estelik. [Memory] [Text]. [Electronic resource]. – https://el.kz/content-29252_18635/

9 **Beisuly, G.** Tamuktan otken tagdyr. [Fate passed through tamuk] [Text]. – Almaty : «Olke» baspasy, 2002. – 400 p.

10 **Kydyrkhanuly, U.** Abylaikhan suretinin avtory kim? [My country is my core]: essays, reflections, memoirs, documentary stories] [Text] // Adebiet aidyny. – 2008, 11 Kyrkuiek. – P. 4–5.

11 **Kaken, A.** 1944 zhyly ana tilin korgap Venada bayandama zhasagan Hakim Tynybekov degen kim? [Who is Khakim Tynybekov, who spoke in Vienna in 1944 in defense of his native language?] [Text] // Turkistan. – 1997, 5–10 nauryz.

12 **Kydyrkhanuly, U.** Abylai khan suretinin avtory kim? // Adebiet aidyny. [Who is the author of aby lai Khan's painting?] // Literature month] [Text]. – 2008, 11 Kyrkuiek. – P. 4–5.

13 **Akhmet, A.** Kazak adebiety tarikhyndagy Syrym Datuly beinesinin tarihi sabaktastygy. [Historical continuity of the image of Syrym Datuly in the history of Kazakh literature] [Text] [Electronic resource]. – library.wksu.kz/dmdocuments/Axmet.pdf.

4 **Sadykov, B.** Istoriya Turkestanskogo regiona. [The history of the Turkestan Legion in the documents]. [Matin]. – Almaty : «Kainar», 2002. – 95 p.

15 **Kesizhi, A.** // Evropağa tany, Kazakhstanga beıtany, Karys kanatbai kim? [Who is familiar to Europe and unfamiliar to Kazakhstan Karys Kanatbay?] [Text] [Electronic resource]. – qamshy.kz/article/687-europagha-tany...qarys...kim.

16 **Oraltai, H.** Elim-aılap otken omir. 2 basylym [Elim-aılap otken omir] [Text]. – Almaty : «Bilim», 2005. – 632 p.

17 **Kaken, A.** Turkistan legion. [Turkestan Legion]. [Text]. – Astana : Respublikalyk baspa poligrafıyalyk ortalyk, 2000. – 140 p.

18 **Ergazina, D.** Sogys tutkyny kalai legioner atandy? [How did a prisoner of war become a Legionnaire?] [Text] // Egemen Kazakhstan. – 2016, 26 kazan.

19 **Streit C.** Keine Kameraden. Die Wehrmacht und die sowjetischen Kriegsgefangenen 1941–1945 [Keine Kameraden. Die Wehrmacht und die sowjetischen Kriegsgefangenen 1941–1945.] [Text]. – Stuttgart : Deutsche Verlags-Anstalt, 1978. – 445 p.

20 **Abdualap, K.** Istina Turkestanskogo legiona – mejdu svastikoi i krasnoi zvezdoi. Issledovanie/perevod s kazakskogo yazyka .[The truth of the Turkistan Legion is between the swastika and the red star.” Research/translation from the Kazakh language] [Text]. – Astana : Issledovatel'skii institute «Obshchestvennoe mnenie», 2015. – 98 p.

04.04.24 ж. баспаға түсті.

25.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

26.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Б. Шалгынбекова¹, А. Д. Амренов², С. Б. Жумагул³

^{1,2}Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Евразийский Национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана.

Поступило в редакцию 04.04.24.

Поступило с исправлениями 25.04.25.

Принято в печать 26.05.25.

О ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ-ВОЕННОПЛЕННЫХ В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

В статье рассматривается творчество казахских писателей, оказавшихся военнопленными в годы Второй мировой войны. Изучены политические и социальные основы обретения нового содержания и актуальности в художественно-эстетической, тематически-идеальной системе творчеством талантов узников фронта казахского письма в годы Второй мировой войны таких, как Карыс Канатбай (Канатбаев), Мажит Айтбаев, Мауликеш Кайбодин (Маулекеш Кайбалды), Хамза Абдуллин, Даулет Тагыберли, Али Аскар, Мажит Аяпбеков, Хаким Тыныбеков, Гайпен Бейисулы, Жакебай Бапиш, Айткеш Толганбаев. В статье по-новому оценивается их мужество в попытках разоблачить и критиковать последствия подавления идей национальной свободы и ментальности советской коммунистической политикой, преступление подвергания национальной интеллигенции сталинским репрессиям, с их тоской по Казахстану в военном плену другой страны, в том числе и

Туркестанского легиона. Рассказывается о том, что в годы Второй мировой войны казахские литераторы наполнились новым литературным содержанием в борьбе с тоталитарной системой. В статье также подчеркивается, что основной темой в творчестве художников являются национальная литература и культура, судьба человека и общечеловеческие ценности. В дополнение к этому показано, что политические репрессии в тоталитарной системе продолжались даже во время Второй мировой войны, что писатели и художники-фронтовики, будучи военнопленными, были отправлены в тюрьмы и на многие годы лишились свободы. Рассказывается о сложной и трагической судьбе художников, которые спаслись от давления советского преследования путем эмиграции.

Ключевые слова: война, армия, пленник, судьба человека, Туркестанский легион, творчество.

*A. B. Shalgynbekova¹, A. D. Amrenov², S. B. Zhumagul³

^{1,2}Pavlodar Pedagogical University named after Akey Margulan,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana.

Received 04.04.24.

Received in revised form 25.04.25.

Accepted for publication 26.05.25.

ABOUT THE CREATIVE ACTIVITY OF KAZAKH WRITERS-WAR PRISONERS DURING THE SECOND WORLD WAR

The article examines the work of Kazakh writers who were prisoners of war during the Second World War. The political and social foundations of acquiring new content and relevance in the artistic-aesthetic, thematic-ideal system were studied by the creativity of the talents of prisoners of the Kazakh writing front during the Second World War, such as Karys Kanatbay (Kanatbayev), Mazhit Aitbaev, Maulikesh Kaiboldin (Maulekesh Kaibaldy), Khamza Abdullin, Daulet Tagyberli, Ali Askar, Mazhit Ayapbekov, Hakim Tynybekov, Gaipen Beyisuly, Zhakebay Bapish, Aitkesh Tolganbaev. The article re-evaluates their courage in trying to expose and criticize the consequences of the suppression of ideas of national freedom and liberation by Soviet communist policies, the crime of exposing the national intelligentsia to Stalinist repression, with their longing for Kazakhstan in

military captivity of another country, including the Turkestan Legion. It is said that during the Second World War, Kazakh writers were filled with new literary content in the fight against the totalitarian system. The article also emphasizes that the main theme in the work of artists is national literature and culture, human destiny, and universal values. In addition to this, it is shown that political repression in the totalitarian system continued even during the Second World War and that writers and front-line artists, being as prisoners of war at the same time, were sent to prison and deprived of their freedom for many years. The article tells about the complex and tragic fate of artists who escaped the pressure of Soviet punishment through emigration.

Keywords: war, army, prisoner, human destiny, Turkestan Legion, creativity.

Теруге 26.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,56 МБ RAM

Шартты баспа табағы 36,03. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Тапсырыс № 4406

Сдано в набор 26.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

6,56 МБ RAM

Усл. печ. л. 36,03. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: Д. А. Кожас, А. Р. Омарова

Заказ № 4406

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz